

Тексерілді: МЖ -

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2023 жыл 1 апта

Мектепке дейінгі ұйым: « _____ » балабақшасы
« _____ » :Топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 27.02.2023	Сейсенбі 28.02.2023	Сәрсенбі 01.03.2023	Бейсенбі 02.03.2023	Жұма 03.03.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау, және жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Арнайы жерге төселген секіру ойын кілемшесі арқылы ойнап, топқа өтуін сұрау. (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға осы айда болатын мерекелік ертеңгіліктермен іс шаралар туралы ақпараттар беріп, бірлесе атқаратын жұмыстарды талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балаларды шеңберге отырғызып, бір-біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар).	Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру.	Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.
Таңертеңгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол				

	орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Аспан ашық көгілдір Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерге Терезеден қарап тұр. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру сапта бір-бірден жүгіру. допты домалату, лақтыру Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру <u>Қимылды ойын:</u> Қоян мен қасқыр	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру сапта бір-бірден жүгіру. допты лақтыру, қағып алу. Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. <u>Қимылды ойын:</u> Тырналар - тырналар Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру сапта бір-бірден жүгіру. допты лақтыру, қағып алу. Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. <u>Қимылды ойын:</u> Тырналар - тырналар Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті тура,	Музыка "Амалбекйық, аналарды бәріміз!" Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге

			солға бұрылып тебу. Спорт залда	шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Спорт залда	жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.
Кітап орталығында шеңбер бойлай отырығызып «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін оқып беру. Жыл мезгілдерінің атаулары мен ай атауларын қайталап айтқызу. Жануарлардың суреттерін тану, қимылдарын көрсету. (көркем әдебиет) Балалардың үйінде қандай жануарлар бар екенін сұрау. Ол жанаурлар не жейді, қайда тұрады әңгімелету. «Мысық пен тышқан» ойынын ойнату. (қоршаған ортамен танысу)	Балаларға сыйлық келіпті деп ішін ашу үшін сыйқырлы сөзді айтқызу. Ішінде әр түрлі құрастыру ойыншықтары бар екен. Балаларды екі топқа бөліп отырғызу. Бірінші топ әр түрлі құрылымдар құрастырса (құрастыру) Екінші топ Құрастыру ойыншықтарын жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды. Екі топтың балалары да өздерінің жасаған жұмысы туралы	Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға аудару. Ойыншықтарды тең етіп екіге бөлу және оларды биіктігі бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру (математика негіздері) Балаларға бір бірден ойыншық таңдату. Сол ойыншыққа ұқсас ойыншық бейнесін тауып фетр тақтаға жапсыруды жасату (жапсыру)	Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды үйрету. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын суреттерден табу. Балалардың қалауы бойынша бояулармен сурет салу. (суретін салу) Фетр тақтасына балаларға көктем белгілерін тауып жапсыруын ұйымдастыру (жапсыру).	Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсету. Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет) Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта өздеріне ұнайтын ертегі кейіпкерлерінің суретін бояу, суретті толықтырып салу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (сурет салу) Екінші орталықта ертегі	
Қарапайым					

	<p>құрылыстарды өз ойынан құрастыруды үйрету. (құрастыру)</p>	<p>қарама қарсы топтағы балаларға айтып береді. (математика негіздері және сөйлеуді дамыту) Балалар жұмыстарын болған соң, қалаулары бойынша карандашпен сурет салуды ұсыну. Құрастырған заттарын немесе ойдан сурет салу. (Сурет салу) Балалар жұмыстарын аяқтаған соң тәрбиеші қорапты қозғап ішінде тағы бір зат бар сияқты деп дыбысын тыңдату. Қорапқа сиқырлды сөздер айтқызу ол ашылғанда кәмпиттерді балаларға жақсы жұмыстары үшін таратып беру.</p>			<p>кейіпкерлерінің ойыншықтарын салыстыру. «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруді дамыту. (математика негіздері)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру)</p> <p>Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің</p>				

	көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	<p>Ауа райын бақылау. Күннің қандай болып тұрғанын айтқызу. Фетр матаға күннің шуақтарын жапсырту. (жапсыру)</p> <p>Көктем туралы ән тыңдап, бірге айтып, би билету. (музыка)</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p>	<p>Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге үйрету. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>«Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін естеріне түсіріп, жануарларды танып, қимылдарын дауыстарын айтуды жетілдіру. (көркем әдебиет)</p> <p>Спорт залда қимылды ойындар ойнатып, спорттық жаттығулар жасату: Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді жалғастыру</p>	<p>Көктемнің қыстан айырмашылығын атауды үйрету. Қарлардың ертіп ағып жатқан тамшыларын тамашалату. Ағаштарды құстарды бақылату. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Аналар мерекесіне жаттаған тақпақтарын қайталау (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Қимылды ойын: «Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р Доптармен, ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p>	<p>Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «Тең бе?», «қайсысы жоқ?» сұрақтарын қою арқылы салыстыру дағдыларын дамыту (математика негіздері)</p> <p>Табиғи заттардан кеме құрастырып, қардың еріп ағып жатқан суына жүздірту (құрастыру)</p> <p>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (музыка)</p> <p>Қимылды ойын: Тышқандар мен мысық.</p>	<p>Қар тез еріп кетуі үшін не істеуге болады. Тұзды қарға сеуіп көрсету. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын Қоян мен қасқыр</p> <p>Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікте айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)</p>
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта қиетін аяқ				

	киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айту және т.б. жаттату. (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтану (Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға көктем туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бірінші топта «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін суреті бойынша сипаттауды үйрету. Екінші топта балалар ермексазбен ағашқа орналастыру үшін жапырақтар жасауын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту,	Көктем туралы әнді естеріне түсіріп айту, би билету. (музыка) Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Көктемнің белгілері гүлдердің күлтешелерін ермексаздан жасап	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салу, мүсінін жасауына жағдай жасау. (сурет салу, мүсіндеу) Ірі және ұсақ құрылыс	Топтағы гүлдерге күтім жасау, олардың суретін салуды үйрету. (қоршаған ортамен танысу және сурет салу) Ермексаздан жеке жеке гүлдер жасату. Оларды жинап гүлдер бағын жасату. Жеке жұмыстарын	Балаларды орталықтарға бөлу. Ертегі кітаптарын қарау, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуын дамыту (сөйлеуді дамыту) Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді

	мүсіндеу)	дайын домалаққа біріктіру, қиылған дайын гүлдерді жапсыру. (мүсіндеу және жапсыру)	материалынан құрастыруды жетілдіру (құрастыру)	ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. (мүсіндеу) Бірғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка)	пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу) Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту. (жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Қағаз бетіне бояулармен штрихтар, жақпалар, сызықтар салуда құралдарды еркін пайдалануға мүмкіндік Мұхаммеджан, Әли, Дияр, Рамазан, Адинаға беру	Тазалық тақырыбына байланысты бейне роликтер көрсету арқылы Сұлтан, Алиайдар, Бекарыс, Мұхаммеджанда тазалық ұқыптылық дағдыларын дамыту.	Сурет бойынша берілген күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға Мұхаммеджанды дағдыландыру	ҚР туралы түсінігін көрнекі суреттер, слайдтар көрсету арқылы кеңейту. Мұхаммеджан Айқын, Алинұр, Мансұрмен жеке әңгіме жүргізу, пікірлерін тыңдау.	Пішіндерге байланысты дидактикалық үстел үсті ойындарын үнемі ойнату
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтар алып шығу. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын Шыбыққа қалпақ кигізу Алып шыққан ойыншықтарын салыстыру, нәтижелерін бірдей,	Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Көктем тақпағын қайталау	Қимылды ойын «Трамвай» Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікте айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)	Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет) Еркін ойындар	Қимылды ойын Өз түсіңді тап Алып шыққан құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрастырғызу

	тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуді үйрету (математика негіздері)				(құрастыру)
Балалардың үйге қайтуы	Көктем мезгілігің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді және балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну.				

Тексерілген күні: 24.02.2023

Циклограмманы тексерген әдіскер: _____

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: _____

Тексерілді: МЖ -

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2023 жыл 2 апта

Мектепке дейінгі ұйым: « _____ » балабақшасы
« _____ » :Топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 06.03.2023	Сейсенбі 07.03.2023	Сәрсенбі 08.03.2023	Бейсенбі 09.03.2023	Жұма 10.03.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға өзі ұнаттып таңдаған ойын құралымен ойнауға мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Аналар күніне арналған ертеңгілікке қатысуға шақыру. Апта бойғы орындалатын жұмыстар туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел - үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?»	Шамасы келетін жұмысты орындату Балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)		Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту. Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету.	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптарды қарату, (сөйлеуді дамыту)
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				

<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Таңғы жиын. Балаларға жылы сөздерді бір біріне айтқызу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. (қазақ тілі)</p>		<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіру. Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты домалату Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу <u>Қимылды ойын:</u> Шыбыққа қалпақ кигізу</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіру. Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты домалату Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу <u>Қимылды ойын:</u> Ақ доп, қызыл доп</p>	<p>Музыка "Амалбекйық, аналарды бәріміз!" Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік</p>

					ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.
	<p>«Бесік жырын» тыңдату. Балалардан бұл әнді кім айтатынын сұрау. Адамның ең жақыны кім екенін сұрау. Аналарын қалай жақсы көретіндігі туралы балалардан сұрау, әңгімелету. Үйде аналары балаларды қалай атап шақыратынын сұрау. (көркем әдебиет)</p> <p>8 наурыз халықаралық әйелдер күні екенін айтып түсіндіру. Мерекеде аналарға қандай құрмет көрсету керектігін суреттер арқылы көрсету. (қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Мерекелік ертеңгілік Балардың ән айту, би билеп тақтақтар айтуы, ойындар (көркем әдебиет музыка, сөйлеуді дамыту)</p>		<p>Ана туралы өлең тыңдату. Ән кім туралы сұрау? Балалардан анасына қалай көмектесіндері туралы сұрау. Ойларын толық жеткізуін қалыптастыру (көркем әдебиет)</p> <p>Ғажайып сандықшадан көп алтын теңгелер шығару. Балаларды олар геометриялық фигура дөңгелек деп таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Топтан дөңгелек заттарды тауып топтастыруды ұйымдастыру. (математика негіздері)</p>	<p>Топтағы ойыншық сәресін реттеу керектігін айту. ойыншықтарды салыстыруды үйрету. Топтағы орындарын ауыстыруды менгерту (математика негіздері)</p> <p>Әр түрлі суреттерді көрсету аналардың мерекесі, қар мен шана туралы әңгімелер айту. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p>

<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Серуен барысында құстардың да жануарлардың да анасы болатындығын түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Ақ доп, қызыл доп»</p> <p>Дербес ойындар. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен ойындарын қолдау,</p> <p>Құрастыру заттарынан еркін құрылымдар құрастыру. (құрастыру)</p>	<p>Құрылыс материалдарынан дербес әрекет жасату. (құрастыру)</p> <p>Серуендеп жүрген кезде әр бір көрген заттарын сипаттап сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды дамыту. (математика негіздері)</p>		<p>Шамасы келетін жұмысты орындату. Балалардың жеке бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру амалдарымен таныстыру</p> <p>Қимылды ойын «Поезд»</p> <p>«Ана туралы» әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)</p>	<p>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Қимылды ойын «Допты дәлдеп лақтыр»</p> <p>серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). (қоршаған ортамен танысу)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта</p>				

	киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді ұйымдастыру Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ең жақсы сөз Ең жақсы сөз – Ана, Ең жақсы сөз – Бала. Өсіп жатса бала, Ана оған пана. Аман болсын Ана, Аман болсын Бала. <i>Н.Жанаев</i> (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалар қалауы бойынша еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстармен айналысады. (жапсыру) (сурет салу)		Кітаптар қарату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Шалқан» ертегісіндегі кейіпкерлердің іс әрекетін қайталап, сөздерін айтуға үйрету. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Баларады орталықтарға	Қағаздан құрастырылған гүлдердің түрлерімен таныстыру . Орталықтарға бөлініп ұнаған гүлмен шығармашылық жұмыстарын жасату. Таңдауы бойынша

	<p>орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Аналарына арналған білезік жасату. (мүсіндеу) Аналарға арналған ашық хатты безендіру. (жапсыру)</p> <p>Ертеңгілікте айтатын әндерін билерін қайталау. (музыка)</p>	(мүсіндеу)		<p>бөлу. Бірінші топта композицияны құрастыруда дайын пішіндерді жапсыруға мүмкіндік беру. Екінші топта еркін тақырыпта бормен тақтада сурет салғызу. (жапсыру) (сурет салу)</p>	сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді, құрастыру орындату
Балалармен жеке жұмыс	<p>Адинамен мазмұнды, көрнекі суреттерімен таныстыру. Жұмбақ жасыру барысында шешуін суреттен көрсете білуін үйрету.</p>	<p>Отбасы және отбасы мүшелерінің іс-әрекетін көрсетуде үнемі сюжетті ойындарға қатыстыруды Адина, Дария, Мариям, Балжанда дамыту.</p>		<p>Шағын топпен балалардың қалауы бойынша шығармашылық жұмыстар.</p>	<p>Дияр, Рамазан, Адина, Абдірахманға қимылды ойындар ойнату. Қимылдық іскерліктерін жақсарту жаттығу жасауға қызығушылығын артыру</p>
Серуенге дайындық	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі әшекей заттарды бір-бірден әр бала алып, көруін және сипап сезу арқылы зерттеу жасауын ұйымдастыру</p>	<p>Ауа райының өзгерістері туралы айту, бақылату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Күміс алу»</p>		<p>Еркін ойындар Тақпақтарын қайталату, бүгінгі күннің ерекше сәттерін еске алу, әңгімелету Қимылды ойын «Не жедің, тауып айт»</p>	<p>Қимылды ойын «Мысық пен тышқан» Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка)</p>

	(математика негіздері) Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту				
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: _____

Тексерілген күні: 03.03.2023

Циклограмманы тексерген әдіскер: _____

Тексерілді: МЖ -

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2023 жыл 3 апта

Мектепке дейінгі ұйым: « _____ » балабақшасы
« _____ » :Топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.03.2023	Сейсенбі 14.03.2023	Сәрсенбі 15.03.2023	Бейсенбі 16.03.2023	Жұма 17.03.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. (сөйлеуді дамыту)	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарату,	Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасату) Балармен жеке жұмыс.	Дидактикалық ойын: «Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» ойнату Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,
Таңертеңгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын				

	шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріңдерші? Көктемде не жауады? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, бір біріне жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Наурыз мерекесі туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүру сапта бір-бірден жүгіру. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру <u>Қимылды ойын:</u> Қоян мен қасқыр	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүру сапта бір-бірден жүгіру. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру <u>Қимылды ойын:</u> Күміс алу <u>Спорттық жаттығулар:</u>	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүру сапта бір-бірден жүгіру. Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты домалату, лақтыру, қағып алу. <u>Қимылды ойын:</u> Торғайлар мен	Музыка "Көктем келді, алақай!" Мақсат-міндеттер. Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен)

			Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Спорт залда	автомобиль	ойнау қабілеті мен дыбысты есту қабілетін дамыту.
Көктемнің алғашқы айы наурыз екені. Наурыз тойы туралы ақпарат беру. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Ұлттық бұрышта, ұлттық киімдерді киіп, қонақты күтіп алып шығарып салуын дәстүрге сай ұйымдастыруын сахналату. (сөйлеуді дамыту)	Балаларды « тұсау кесу» дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру дағдысын жетілдіру. «Тәй тәй» өлеңің әуеніне балаларды билету. Қуыршақты жетелеп жүруді ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту) музыка) Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін тағып көруіне жағдай жасау. (қоршаған ортамен танысу)	Қазақ халқының тұрмыстық заттарын тану және атау дағдысын кеңейту. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. (қоршаған ортамен танысу) Киіз үйге ойыншықтарды отырғызу барысында. оңнан солға қарай бойына қарай дұрыс отырғызуды үйрету (математика негіздері) Ән ұранды айтқызу,	«Жеті лақ» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды үйрету (сөйлеуді дамыту) Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруді жетілдіру (жапсыру)	Киіз үй туралы не білетіндерін сұрау. Халық мақалдарын айтқызу. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені. Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер. (сөйлеуді дамыту) Киіз үйдегі тұрмыстық заттарды атату. Олардың қызметі туралы айтқызу олардың суретін салғызу. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)	

		Дайын әшекей бейнелерін бояту (сурет салу)	қолдарын кеудесіне жүрек тұсына дұрыс қоюды үйрету (музыка)		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
